ретінде дін мәселесіне келгенде Әбу Насыр әл-Фараби еңбектері ерекше орын алады. Қазақ әдебиетінің көркемдік және эстетикалық мәдениеті хандық дәуірінде қалыптасты. Оған дәлел ақын-жыраулар шығармаларында өзінің эстетикалық ерекшелігін атауға болады. Мысалы, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтам-берді, Бұқар, Шал, т.б. ақын-жыраулардың эстетикалық ізденістері көшпенділердің дүниені қабылдауын айқындағандығын атап өтуге болады. Оған айрықша романтикалық асқақтық тән.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ ағартушылары ұлттық көркем мәдениетті заман талаптарына сай дамытуға ұмтылды. Ш.Уәлиханов қазақ халқы «көркемдіктен кенде емес, өсімтал әдебиетке ие» екенін атап өтіп, оның ауызекі мәдени үлгілеріне алғашқы ғылыми талдау жасаса, Ы.Алтынсариннің эстетикалық көзқарастары оның сан қырлы педагогикалық қызметімен, А.Құнанбаевтың эстетикалық ойлары жазба әдебиетіміз бен руханиятымызды дамытты. Ол қазақ әдебиетінде тұңғыш рет табиғат пен адамның сұлулығын нақтылап белгілеп бергендігімен дәлелденеді. Абайдың қара сөздерінде көрініс тапқан эстетикалық көзқарастар қазақтың көркем мәдениетін жаңа деңгейге көтерді. Ақынның «Құлақтан кіріп бойды алар», «Сегіз аяқ» деген өлеңдерінде әннің, күйдің адам сезіміне әсер етер қуатты құдыреті, шипалы шапағаты көркем суреттеледі. XX ғасырдың басында алаш қайраткерлерінің еңбектерінде әдеби-эстетикалық феномен қазақ әдебиетінің орыс, Еуропа, Шығыс мәдениеттерінің тоғысуы нәтижесінде қалыптасты. Олардың талқылаған басты тақырыптары – қазақ сөз өнерінің ерекшеліктері, дәстүр мен жаңашылдық, өнердегі гуманизм мен имандылық мәселелері, фольклордағы рәміздік кейіпкерлер, өнердегі әлеуметшілдік, ұлтты сүю мен азаматшылдық, т.б. болды. Қазіргі кезде эстетикалық зерттеулер дүниежүзілік жаңа өркениеттілік құндылықтарды қабылдау және ұлттық мәдени мұраны жаңғырту аясында өрістегендігімен ерекшеленеді. Қазақ халқының, ұлттық ойлаудың көркем негіздерін, мәдениеттегі құндылықтар жүйесін және категорияларын эстетикалық тұрғыдан зерттеген ғалымдар Қ.Нұрланова, З.Серікқалиұлы, Ғ.Есім, М.Х.Балтабаев, Г.Шалабаева, т.б. Қай заманда болсын, кез келген ұлттың көркем әдебиеті эстетикалық таным-талғамды, тарихи ой-сананы қалыптастыру, жетілдіру, түрлі мәдениеттерді бір-бірімен өзара байланыстыру сияқты құдіретті қызмет атқарып келеді. Үлкен-кіші екеніне қарамастан, әрбір ұлттың әлемдік өркениеттің қазынасына өз үлесін қосатыны бүгінгі күнде нақтыланды. Ұлттар әдебиетінің арналы өзендер сияқты көркем туындылары әлемдік әдебиеттің көкжиегін кеңейтіп, оның көркем-эстетикалық қуатын өзінің құнды да құнарлы жауһарларымен байыта түсуде.

ЮНЕСКО негізгі мақсаты-бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын БҰҰ Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, әділеттілік пен заңдардың орындалуын, адам құқығы, әрі негізгі бостандықтар негізінде барлық елге, түрі-түсіне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту. «Әрбір ұлттық әдебиеттің тарихы – халықтың ділдік қасиетінен, дүниені қабылдауынан, дүниетанымынан көрініс беретін өзіндік арнайы ерекшеліктерге ие үдеріс. Әр халықтың өзінің ұлттық мәдениеті, өз музыкасы, өз поэзиясы, өз таным-түсінігі, өз ана тілінің ерекше әуезі жайында өзіндік пайымы болады» [8]. Осылар жинақтала келе, ұлттық мәдениетті, оның ішінде ұлттық әдебиетті құрайтындығын көреміз. Әлемдік әдебиетте бүкіл адамзаттың ортақ құндылығына айналған көркем шығармалар аса мол. Ондай көркем шығармалар әуел баста белгілі бір ұлтқа тиесілі болғанына қарамастан, күллі адамзат баласының көркем ой жүйесінің қалыптасып-дамуына ықпал етіп, әлемдік ортақ қазынаға айналды. Бұл – көркем әдебиеттің көркем-эстетикалық тәрбие құралы болуымен қатар, адамзатты адамгершілік пен парасаттылыққа, имандылық пен ізгілікке тәрбиелейтін гуманистік қасиетіне де байланысты болса керек. Осы орайда америкалық жазушы Теодор Драйзердің: «Барлық пәндер мен білімдер неше түрлі мамандық иелерін тәрбиелейді, тек көркем әдебиет қана



қоғам мен халық қайраткерлерін тәрбиелейді» деген қанатты сөзі талайларға ой салатыны анық [9]. Әлемдік өркениетінің қалыптасып дамуында орасан зор рөл атқарған көркем әдебиеттің және оның үш тегінің (поэзия, проза, драма) түрлі жанрларында көрініс беретін адамзаттық құндылықтардың бабадан балаға мұра болып сақталып жетуіне және олардың мәңгілік құндылық ретінде қорғалуына адамзат көне дәуірден бері алаңдап келеді. Қорғап, сақтап қалуға аса мән берілмегендіктен, талай дүниелер жоғалып, тіпті жойылып та кетті. Мәдени-әдеби құбылыс (феномен) болып саналатын көркем әдебиеттік кейбір шығармалар саяси-идеологиялық ұстанымның құрбанына да айналды. Оған көп мысал келтірмей-ақ, қазақ халқының кеңестік-социалистік кезеңде оның саяси-идеологиялық ұстанымына, яғни әдебиеттің партиялығы мен халықтығына үйлеспейді немесе сәйкес келмейді, буржуазиялық мәдениетті мақтап-мадақтайды деген солақай қорытынды тұжырымдаманың кесірінен бірқатар ауыз әдебиеті туындыларының халықтық қолданыстан ығыстырылғанын, ұзақ уақыт бойы әдеби үдерістен тысқары қалғанын айтуға болады. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Кеңес үкіметі құрылып, билік жүргізген кезеңнің 40-жылдарына дейін қазақ фольклорының асыл туындыларының қатарына жататын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты т.б. эпостары мен лиро-эпостарын, қисса-жырларын, ертегі-аңыздарын, мифтік, діни таным-түсініктері суреттелетін Қожа-Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани сияқты т.б. ғұламалардың туындыларын оқуға, зерттеп-зерделеуге тиым салынды. Кеңестік заманда ұлттық тіл мен әдебиет, ұлттық тарих пен тағылым, ұлттық өнер мен мәдениет, ұлттық таным-түсінік пен ой-сана деген сияқты категориялар шет қақпай көріп, онша еленбеді. Осындай саяси-идеологиялық қыспақ талай әдеби шығармалардың дер кезінде әдеби айналысқа түсуіне және халықтың жаппай тұтынып-пайдалануына кедергі жасады, тіпті кейбір көркем шығармалардың назардан мүлдем тыс қалып, ұмытылуына әкеп соқтырды. Бұның ұлттық мәдениет тұрмақ, адамзат мәдениетіне әкелетін үлкен кесепатын, қауіп-қатерін сезінген, терең түйсінген адамдар болды. Сол себептен бүкіл әлемдегі адамзат баласының баға жетпес үлкен жетістігі болып саналатын құндылықтарды, әрбір ұлт өз бетімен жеке-жеке қорғап қалуға тырыспай, олар материалдық құндылық болсын, материалдық емес рухани құндылық болсын, құжаттық құндылық болсын бірлесе отырып сақтап-қорғап қалуға деген ортақ құлшыныс пайда болып, дүниежүзілік түрлі ұйымдар құрыла бастады. Сол ұйымдардың бірі әрі бірегейі – ЮНЕСКО болды. Осы орайда ЮНЕСКО ұйымы аталғанда онымен етене қолданылатын «синергия» деген қоғамдық-саяси терминнің мән-мағынасына тоқтала кеткеніміз жөн болар. Википеди энциклопедиясының түсініктемесі бойынша, «синергия» дегеніміз екі немесе одан да көп екі нәрсенің әрқайсысының жекелеген әсерінен гөрі олардың өзара біріккендегі әсері әлдеқайда күшті болып саналады екен [10]. Өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО Асуан су қоймасының салыну жоспарына байланысты Мысырдағы (Египет) атакты тарихи ескерткіштердің су астында қалып қою қаупін болдырмау мақсатында үлкен іс-шара өткізді. Осы іс-шара мәдени мұраларды қорғау жөніндегі жанашырлық пен қамқорлыққа үлкен өзгеріс әкелді және Әлемдік мұра Бағдарламасының жасалуына түрткі болды. Бұл Бағдарламаның басты міндеті – бүкіл адамзатқа ортақ болып саналатын аса танымал құнды дүниелерді сақтап қалу болды. Бұның барлығы ЮНЕСКО-ның адамзаттық мәдени құндылықтардың үш түрі – материалдық, материалдық емес рухани, құжаттық түрлерін қорғаудың негізін қамтамасыз етті және осы құжатта мәдениеттердің әр тектілігіне (әр алуандығына) құрметпен қараушылық – адам құқығын сақтауға негізделді [11]. ЮНЕСКО-ның мәдениет аясындағы негізгі жұмысы – адамзаттық өзара қарым-қатынастағы мәдениеттің әр тектілігін сақтап қалуға ықпал ету болып табылады. Бұлай ету 2001 жылы Мәдениеттің әр тектілігі туралы жалпыға ортақ декларациясының қабылдануымен бекітілді. Ұйым бүкіл адамзат үшін құнды болып саналатын әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғаудан, түрлі үлгідегі материалдық

емес мәдени мұраларды, сондай-ақ ауызша шығармалардың озық үлгілерін қорғауға көшті. ЮНЕСКО жұмысының мәдениет аясындағы тағы бір сәтті қадамы қарулы қақтығыстар жүріп жатқан аймақтардағы мәдени нысандарды қорғап қалу болып табылады. Бұл бағыт бойынша іс-әрекеттің негізін 1954 жылғы Гаага конвенциясы қалады. ЮНЕСКО-ның мәдени бағытты зерттеп-зерделеуге арналған бағдарламаларының ішінде Бүкіләлемдік мұра, Материалдық емес мұра, Су астында қалған мәдени мұра сияқты бағдарламалар да бар [12].

Қазақ мәдениеті де әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі. Ал мәдениет деп адамзаттың ақылымен, ойымен, адамның қолымен жасалған барлық құндылықтар мен игіліктердің жиынтығын айтамыз. Бұл қызмет заттандыру (қазыналар, нормалар, белгі жүйелерін және тағы басқаларды жасау) және затсыздандыру (мәдени-рухани мұра және оны игеру) үдерістерінің диалектикалық бірлігі болып табылады. Мәдениет өнімдерін жасаудың мұраты айналадағы болмысты өзгертуге, адамзаттың тарихи дамуы үдерісінде жинаған бар байлығын жеке адамның рухани байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін барынша айқындап, дамытуға бағытталуынан көрініс табады» [13]. Мәдениет ұғымының философиялық, әлеуметтанушылық, саяси т.б. астары басым болғанымен, ол көркем әдебиетпен де тығыз байланысты. Сондықтан да кез келген ұлттың мәдени-рухани дамуында көркем әдебиеттің алар орны ерекше. Ұлттық мәдениет пен қоғамдық сананың айрықша саласы - өнер десек, сол өнер түрлерінің бірі әдебиеттің жалпыадамзаттық мәдениеттегі алар орнына ғалымдар ерте кезден бері ден қойып келеді. Өйткені көркем әдебиеттің адамдардың парасат әлемінде атқаратын қызметі орасан зор. Өнердің көп салаларының ішінде ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі де көркем әдебиет болып саналады. Ол – өнердің бір саласы бола отырып, өзге өнер түрлерінің дамып-жетілуіне айтарлықтай әсер етеді. Жалпы, зерттеушілер өнер түрлерін сәулет, мүсін, сурет, музыка, әдебиет деп беске бөліп қарастырады. Теоретиктердің айтуынша, әдебиет көркем өнердің ең негізгі саласы болып есептеледі. Көркем өнердің басқа түрлері бірінің жұмысын бірі атқара алмаса, сөз өнері (әдебиет) арқылы сәулетті сарайдың көрінісін де, құйып қойғандай адамның кескінін де, табиғаттың көрікті суретін де жасауға болады. Көркем әдебиетте кездесетін талай сұлу портрет, талай тамаша табиғат суреттері өмір құбылысын дәл, шындық бейнеде бере алумен қатар, сол шығарманың оқырмандары құбылыстың мәні мен қимылын сезінгендей дәрежеде жанды, жайнақы түрде суреттей алады. Басқа өнер түрлерінің бұндай мүмкіншілігі жоқ. Сөз өнерінің құдіретті күшімен ақын, жазушылар оқушыларын қуанта да, қайғырта да, күлдіре де, жылата да алады [14].

Көркем әдебиеттің өзіне тән ерекшелігі – өмірдің, өмір құбылысының бейнесін көркем сөз арқылы суреттеу, сөз арқылы адам образын жасау. Көркем әдебиеттің алғашқы түрі – халық ауыз әдебиеті. Ол адам баласы ой-санасының сәби кезеңінде туса да, ауыз әдебиетінің, жақсы үлгілерінен біз айтайын деген ой-сезімін сурет (образ) арқылы береді. Жазудың шығуымен байланысты ауыз әдебиетінің орнын жазба әдебиет алады да, оны біртіндеп ескі заманның мұрасына айналдырады, бірақ ол аз уақыттың ішінде бола қоймайды. Мәдениеттен кенже қалған кейбір халықтың жазба әдебиеті мен ауыз әдебиеті алғашқы кезде қатар дамуы да мүмкін. Мәдениеттің өсуі, хат білмейтіндердің біртіндеп жойылуы, ауызша шығаратын ақындардың өз өлең-жырларын қағазға түсіру мүмкіншілігі бірте-бірте екеуінің арасындағы шекті де жойғанға ұқсайды. Көркем әдебиеттің образ жасаудағы құралы – сөз. Тіл қорынан сөздердің ең керектісін таңдап, талғап ала білудің және оларды сөйлемнің құрамында шебер қиюластырудың арқасында жазушылар адам ойының түйюі мен сезім түйсігінің әр алуан құбылысын суреттеп бере алады. Бұл – оны көркем өнердің ішінде өмірді әрі толық, әрі кең суреттейтін сегіз қырлы және халыққа көп тарайтын түрі ететін шарттың бірі ЮНЕСКО назарына алынды. Дүниежүзі әдебиетінің тарихында үлкен, ашық суретті образдар берген және өмір құбылыстарын кеңірек қамтып, суретті үлкен ой қорытулар жасаған талай дана жазушылар болған.

Шекспирдің «Гамлеті», Сервантестің «Дон-Кихоты», Гетенің «Фаусы», М.Әуезовтің «Абай жолы» т.б. – қоғам өмірінің зор суреті, дәуір өзгерістерінің белгісі, солардың қорытындысы. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы кезінде эпопея делініп танылды. Шынында да оның бұл көркем туындысында қазақ халқының ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайы, тұрмыс-тіршілігімен қатар, есте жоқ көне заманнан бері келе жатқан таным-түсінігі, ой-санасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жол-жоралғысы, жөн- жосығы, әдеби мен тәртібі, өмірлік ұстанымы, мәдени-әдеби құндылықтары кең қамтылып суреттелген. Осындай құнды шығарма болғандығынан, ол – әлем тілдерінің 120-дан астам тілдеріне аударылып, жалпыадамзаттық құндылыққа айналды. Әлбетте, қазақ әдебиетінің дүниежүзі халықтарының ең танымал тілдеріне аударылған асыл дүниелері бұнымен шектеліп қалмайтыны түсінікті. Олардың қандай бағалы жақтарымен әлемнің өзге тілдеріне аударылып, жарияланғанына тоқталып жату – осы еңбектің негізгі мақсаты емес екенін айта отырып, жалпы, әлемдік мәдениетке қазақ әдебиетінің де қосқан үлесі айтарлықтай дегіміз келеді. Дүниежүзіне танымал тұлғалардың пайымдауы бойынша, бүкіл өнердің ең маңыздысы – сөз өнері болып саналады. Көркем әдебиеттік туындылар бар да, оны тудырушылар да бар. Сондықтан да адамзаттың көркем ой жүйесінің қалыптасып-дамуын зерттеп-зерделеумен қатар оның көркем шығармашылығының мән- мазмұнын да саралау аса маңызды. Осы тұрғыдан алғанда өнер туралы ғылымның, соның ішінде көркем әдебиет теориясының басты қарастыратын мәселесі оның көркем- эстетикалық қызметі болып табылады. Көркем әдебиеттің басқадай түрлі қырларына қатысты мәселелер оның маңызды деп саналатын осы қызметі төңірегінде қарастырылып, зерттеліп келеді. Көркем әдеби шығармашылықтың мәні туралы сөз қозғағанда оның күні бүгінге дейін даулы болып келе жатқанын ескеру керек. Сондықтан да сөз өнері, көркем- әдеби туынды жайында тереңірек біле түсуіміз үшін әлемдік эстетикалық таным мен әдеби-теориялық ойларға мән беріп, адамзат тарихында бұрын-соңды жасалған тұжырымдамалардың ең таңдаулылары дегендеріне ішінара талдау жасауымыз қажет. Ойымызды қорытындылай келе қазақ әдебиеті көркем-эстетикалық феномендері көркем шығарма арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге адами құндылықтарды сіңіруге өз үлесін қоса берері сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». 17 апр. 2017. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 2 Черных И. Новое гуманитарное знание как основа для модернизации общественного сознания. 04.05.2017. [www.dknews.kz](http://www.dknews.kz).
- 3 Устав Организации Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры. Конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия. [www.kgiop.gov.spb.ru](http://www.kgiop.gov.spb.ru).
- 4 Всеобщая декларация ЮНЕСКО о культурном разнообразии 2001 г. [www.un.org/ru](http://www.un.org/ru).
- 5 Cultural of Kazakhstan of the auspices UNESCO. UNESCO.–2017. –125 p.
- 6 Philosophical and socio-humanistic problems of life of religion in the modern society. UNESCO. – 2017. – 258 p.; Нематериальное культурное наследие народа Республики Казахстан: современное состояние и перспективы развития» –Алматы, –2012. –283 с.
- 7 Koichiro Matsuura. UNESCO: Factor of hope. UNESCO Press. –2005 с.
- 8 Каржаубаева С.К. Феномены казахской культуры. // Современные проблемы науки и образования. Алматы 2012. – № 1. URL: <https://www.science-education.ru>
- 9 Теодор Драйзер. Жени Гертхардт. <http://knijky.ru/books/dzhenni-gerhardt>
- 10 Культура. Официальный сайт ЮНЕСКО. 23 августа 2011 года.

11 Protection of Cultural Property in the Event of Armed Conflict (англ.). Портал ЮНЕСКО. Проверено 23 мая 2010. 23 августа 2011 года.

12 Устав Организации Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры. Конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия. [www.kgiop.gov.spb.ru](http://www.kgiop.gov.spb.ru).

13 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. <https://qamba.info/site/book>.

14 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. [https://kitap.kz/books/adebiet\\_tanytqysh](https://kitap.kz/books/adebiet_tanytqysh).

*Даутова С.Б., филология ғылымдарының докторы, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының директоры,*

*Оспанова Б.Р., филология ғылымдарының кандидаты, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының бас ғылыми қызметкері,*

*Қансейтова Ж.Ж., филология ғылымдарының кандидаты, Шығыс тілдер және аударма кафедрасының аға оқытушысы*

С.Б.ДАУТОВА<sup>1</sup>, Б.Р.ОСПАНОВА<sup>1</sup>, Э.Ж.ҚАНСЕЙТОВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

### ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ ТРАКТАТЫНЫҢ» КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

**Түйіндеме.** Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатының» көркемдік әлемі қарастырылды. Зерттеу мақаласы ғұлама ойшылдың трактатының тарихи-мәдени ортағы ықпалын ескере отырып, қазақ әдебиеттеріндегі қазіргі ғылыми әдіснама негізінде жүйелі және кешенді талдаумен анықталады. Әдебиеттану ғылымы тұрғысынан осы мәселе гуманистік тұрғыдан зерттеу алғаш қойылып тұр. Ғұламаның тамыры тереңге бойлаған рухани гуманистік ұстанымдар сабақтастығын сақтай отыра қазіргі жаһандық үдерістердің даму парадигмасына, қазіргі әлем типологиясының қалыптасуына елеулі рухани, идеологиялық, экономикалық ықпал етуде. Қазақ халқының тәжірибесі мен рухани жетістігі өркениет диалогының теңдес элементі ретінде танылады. Оның себептерінің бірі рухы жоғары көркем әдебиетінің адам руханиятына тура әсерімен зерттелген.

**Түйін сөздер:** рухани жаңғыру, әдеби мұра, адамзаттық құндылық, тілдік қарым-қатынас, діл, тіл, әдебиет, этнолингвистика, әлем, рухани құндылық, таным, бейне.

**Аннотация.** В статье рассматривается художественный мир Абу Насира аль-Фараби «Трактат о взглядах людей доброго города». Статья исследования определяется систематическим и всесторонним анализом трактата великого мыслителя на основе современной научной методологии в казахской литературе с учетом влияния историко-культурной среды. С точки зрения литературоведения этот вопрос является первым, который будет изучен с гуманистической точки зрения. Ученый оказывает значительное духовное, идеологическое и экономическое влияние на развитие парадигмы современных глобальных процессов, формирование типологии современного мира при сохранении глубоко укоренившихся духовно-гуманистических принципов. Опыт и духовные достижения казахского народа признаны равноправным элементом диалога цивилизаций. Одной из причин этого является изучение прямого влияния высокой художественной литературы на духовность человека.

**Ключевые слова:** духовное возрождение, литературное наследие, общечеловеческие ценности, языковая коммуникация, менталитет, язык, литература, этнолингвистика, мир, духовные ценности, познание, образ.

**Annotation.** The article deals with the artistic world of Abu Nasir al-Farabi's "Treatise on the views of the people of the good city". The research article is determined by a systematic and comprehensive analysis of the treatise of the great thinker on the basis of modern scientific methodology in the Kazakh literature, taking into account the influence of the historical and cultural environment. From the point of view of literary science, this issue is the first to be studied from a humanistic point of view. The scholar has a significant spiritual, ideological and economic impact on the paradigm of development of modern global processes, the formation of the typology of the modern world, while maintaining the deep-rooted spiritual and humanistic principles. The experience and spiritual achievements of the Kazakh people are recognized as an



equal element of the dialogue of civilizations. One of the reasons for this is the study of the direct influence of high fiction on human spirituality.

**Key words:** Spiritual revival, literary heritage, human values, language communication, mentality, language, literature, ethnolinguistics, world, spiritual values, cognition, image.

Әл-Фарабидің теңдессіз еңбектері Дешті-Қыпшақ руханиятының қайнар көзі екендігіне ешкім дау туғызбайды. Ғұламаның мерейтойы қарсаңында еңбектері қайта басылып жарыққа шықты. Оған бірден-бір атсалысқан тұлға жазушы Роллан Сейсенбаев. Заман өзгеріп, заң түрленгенмен қоғамда адами әлемнің түпқазығын құрап тұратын іргелі дүниелер болады. Солардың қатарына руханият мәселесін жатқызуға болады. Руханияттың маңыздылығы бұрын да, қазір де арта түспесе кемімейді. Себебі, ол адам болмысының мәндік негізі болып табылады. Оған назар аудармаған ойшыл жоқ. Сондықтан кез-келген рухани әлемде қалыптасқан және дамыған идеялар мен құндылықтарға, әртүрлі маңыздылықтар мен мағыналы дүниелерге терең назар аударып, олардың өз заманына ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ пен өркениет үшін де өзектілігі зор екенін атап көрсетіп отыратын көрнекті тұлғалар болады. Қазақстанның рухани жаңаруы үшінші кезеңінің іргелі және қолданбалы міндеттерін орындаумен: қоғамның рухани жаңаруымен, әлемдік гуманитарлық ғылым жетістіктері мен білімді жаңарту бағытында филологиялық ғылым парадигмасын дамытумен анықталады. Сонымен қатар, түркілік дүниенің өмір мен өнердің арасындағы руханилықты, рухани қатынастарды, шынайы диалогты құрметтегенін білдіреді. Қазақстанның жаһандық әлемде әлеуметтік-мәдени көрінуімен, өз мәдениетін танытумен анықталады. Қазақ әдебиеті Қазақстан мәдениетаралық диалогта қолданатын жоғары әлеуетті гуманитарлы қорға аса бай. Биылғы жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде атап өтіледі. Екінші ғұлама ойшылдың еңбектері жан-жақты зерттелді десекте филологиялық тұрғыдан әліде толықтай зерттелмеген ғылыми еңбектерді қарастыра келе ғұламаның еңбектері философиялық, тарихи тұрғыдан зерттелген біз өз зерттеуімізде дәстүрлі қазақ эстетикалық-этикалық концептілерін әдеби шығарманың көркем тұжырымдамасындағы мәніс түзуші элементі ретінде, қазақ, тұтастай алғанда, түркі мәдени дәстүрін іске асыру құралы ретінде түсінуге негізделген, тарихи-мәдени орта ықпалын ескере отырып, қазақ әдебиеттеріндегі эстетикалық концептілерді қазіргі ғылыми әдіснама негізінде жүйелі және кешенді талдаумен анықталады. Ғұламаның тамыры тереңге бойлаған рухани гуманистік ұстанымдар сабақтастығын сақтай отыра қазіргі жаһандық үдерістердің даму парадигмасына, қазіргі әлем типологиясының қалыптасуына елеулі рухани, идеологиялық, экономикалық ықпал етуде. Қазақ халқының тәжірибесі мен рухани жетістігі өркениет диалогының теңдес элементі ретінде танылады. Оның себептерінің бірі рухы жоғары көркем әдебиетінің адам руханиятына тура әсерімен түсіндіріледі. Әл-Фарабидің әдеби тұрғыдан көркем әлеуетін зерделеу жалпы рухани дамуының мәдени-өркениеттік үдерістерінің жаңа ұстанымдарын іздестіру тоғысында. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбегіндегі идеяларды қазақ әдебиетінің эстетикалық концептілерін түсіндіру арқылы көркем шығарма мәнісін ашу. Оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерге талдау жасалынған. Әл-Фарабидің бұл шығармасында мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтқандығын аңғаруға болады. Ойшылдың ғылыми мұрасына талдау жүргізу барысында ғалымның еңбектерін зерттеген отандық ғалымдардан бөлек соңғы жылдары жарық көрген шетелдік ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады: австралия ғалымы Hammond, Robert [1], италияндық ғалым Tripodo, Pietro [2], ағылшын ғалымы Mushtak, H.

[3] еңбектерінде философиялық тұрғыдан зерттелгені. Ал филологиялық тұрғыдан Фарабидің әдебиет әлеміне, жеке шығармашылығына қатысты А.Машанов, Х.Сүйіншәлиев, М.Мырзахметов, Р.Бердібай, Н.Төреқұлов зерттеулерін атауға болады аталған зерттеулер ертеректе жазылған. Соның ішінде әл-Фараби мұраларын әдеби қырына зерттеген А.Дербісәлин, А.Көбесов, Б.Ғафуров, Н.Келімбетов, Т.Медетбаев еңбектерін ерекше атауға болады [4].

Қазақстандық ғылымда этика және эстетика мәселелері М.Мұқанов, Ғ.Есім, К.Байпақов, К.Нұрланова, К.Акишев, Ә.Қодар және т.б. еңбектерінде мәдениеттанушылық, философиялық, антропологиялық тұрғыдан айтарлықтай белсенді зерделенді. Сонымен қатар жұмыстың негізгі нысаны Әл-Фарабидың шығармалары болғандықтан «Трактат және өлеңдер / әл-Фараби; әл-Фараби; ауд. Нысаналин», Әлеуметтік-этикалық трактаттар, Трактат және өлеңдер, «Қайырымды қала» шығармалары басшылыққа алынады. Талдау жүргізу барысында ғалымның еңбектерін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері талданады. ҚР БҒМ ҒК ФСДИ ұжымдық монографиялары: «Наследие аль-Фараби и современная философия взаимопонимания». Соның ішінде аль-Фараби мұрасына бүкіл ғұмырын арнаған Аль-Машанидың зерттеулерін ерекше атауға болады [5]. Отандық және шетел авторларының кейбір идеялары *зерттеу әдіснамасы* компоненттері ретінде пайдалынады. Филологиялық ғылым ұстанымы тұрғысынан мәдениет құбылыстарына лингвистер тарапынан айтарлықтай назар аударылды. Түркі әдебиетіне отандық ғылымда қызығушылық артқан. Қазақ әдебиетінің түркі кезеңі тарихын зерттеуге Н. Келімбетов үлкен үлес қосқан. Түркі эпосы проблемасы мен типологиясын Ибраев Ш. қарастырған. Түркі көркем мұрасының қазіргі қазақ әдебиетіне ықпалын Алпысбаев Қ. талдаған. Жаһандану адам тірлігінің бар саласын қамтыды, әлемге ашылу мен кіріктіру осы құбылыстың жайлы салдары болып табылады. Жалпы ақпараттық-коммуникативті орта, көпшілік мәдениетаралық қатынас белсенді қалыптасуда. Сонымен қатар қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдаят өмір салтының, тұрмыстың, қоғам мәдениетінің ұлттық сипатының жоғала бастауын көрсетеді. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жоба тұжырымдамасында көрсетілгендей, «Елде бірнеше тілді еркін меңгерген, қазіргі ақпараттық технологияларды игерген жас та мақсатқа ұмтылған ұрпақ өсіп келе жатыр. Өз халқының рухани құндылықтарынан, тарихынан бейхабар жас өркенді жаһандану жалмап, түрлі догма ағыстарымен жүзуге мәжбүр етуі мүмкін» [6].

Осы жағдайда көркем әдебиетте қамтылған рухани, эстетикалық-этикалық қағидаларды, дүниетанымды ғылыми ұғыну өзекті гуманитарлық проблемаларды жаратады. Әдеби мұраны ғылыми ұғыну арқылы ұлттық ділді қайта өрлету қазақ, тұтастай алғанда түркі халықтардың танылуына елеулі үлес қосады. Белгілі қазақ ғалымы Аюпов Н.К. этномәдениеттің тың сипатын сақтау жөнінде айтқанда Н.Я Данилевский сөздерін келтіреді: «Түркі мәдениеті өзінің туылып, арайлап атуынан кейін ыдырап кетпеді. Ол әрқашан тарихи жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға бейімделіп отырды. Қазір де мәдениетін өліге санауға болмайды. Өзгере, құбыла ол сақталып, әлем мәдениетіне ену үйлесімін іздестіруде» [7]. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында Әл-Фараби қайырымды ғана емес, ізгілікті, кісілікті қала дегенді меңзегендей. Мұнда ғұлама адамның бақытты өмір сүруі жайында баяндайды. Қала дегенді «шаһар» деген мағынада түсінуге болмайды, ертеде гректер қаланы «мемлекет» деген ұғымда айтқан. Жарық дүниеге шыр етіп келгеннен кейінгі жұмыр басты пенденің өмірдегі мақсаты – бақытты болу. Бақытты болу үшін адам ізгілікке толы қалада өмір сүру қажет. Ойшыл кісілікті қаланың тұрғындары бір-біріне әділ, қиянаттан аулақ, ұрлықтан, өтіріктен алыс, рақымды, тұрмысы жағынан еркін, тәуелсіз болу керек деп жазады. Ғұлама бұл еңбегін Платонның «идеалды мемлекет» деген идеясын одан әрі дамытып, түсінігімен өзі өмір сүрген уақытқа сай етіп жасаған.

«Кісілікті қала тұрғындары» трактатында ізгілікті қалада адамдар бақытты өмір сүруі үшін оны басқаратын адамның иманды философ болуы керектігін айтып, оның 12 сипатын көрсетеді. Мемлекет басшысы – халықты тәрбиелейтін тұлға. Платон да осыны айтады. Сонымен, ол адам бірінші – ақылды, екінші – білімді, үшінші – зердесі мықты, төртінші – еркіндікті сүйгіш, бесінші – әділ, алтыншы – ешкімге қиянаты жоқ, жетінші – рақымды, сегізінші – қанағатшыл болуы керектігін де меңзеген. Сонымен қатар ғалым тағы алты сипатты сөз етеді. «Кісілікті қала тұрғындары» тыныштықта өмір сүруі үшін көршілермен қақтығыстан сақтануы қажет дегенді айтады. Әл-Фараби сонда ғана адамдар шатты, бақытты өмір сүреді дегенді меңзейді. Сондай-ақ ғұлама кісілікті қалаға керісінше білімсіз, надан қаланың да жай-күйін бедерлейді. Ол шаһар тұрғындарының есіл-дерті ішсем-жесем, ойнап-күлсем, рақаттансам, арақ-шарапқа құмарым қанса дегенді ойлап тұрады дейді. Соған қарап олар өздерін бақыттымыз деп ойлауы мүмкін, бірақ қателеседі. Білімсіз, надан қалада өмір сүретіндер бай болуды, би болуды, біреуге қиянат жасауды қалап тұрады. Әл-Фарабидің ойынша, мұндай қаланың өмірі ұзаққа бармайды. Есі-дерті байлық, билік болғаннан кейін халық та, басшы да бұзылады деп есептейді. Білімсіз, надан қаланың тағы бір сипаты – ол мақтаншақтық. Олардың кереметтей қасиеті болмаса да: «Бізде бәрі керемет, біз өзге жұрттан астық, олардан артықпыз деп дарақыланады. Бұл да білімсіздіктің, надандықтың бір түрі» дейді. Мұндай қаланың тұрғыны бақытты болмайды. Қазақ оны «мың асқанға – бір тосқан» деп айтқан. Түптің түбінде олар қиындыққа, бақытсыздыққа ұшырайды. Әл-Фарабидің кісілікті қала немесе білімсіз, надан қала жөніндегі ойлары өте терең. Бұл жайында тарихтан кез келген мысал табуға болады. Кезінде Рим деген жер жүзін жаулаған мемлекет болды. Сол Римнің тұрғындары байлыққа, билікке құмар болып, ақырында оларды өздерінен төмен варварлар жаулап алды. Әлемді уысында ұстаған Александр Македонский қайтыс болғаннан кейін грек мемлекетінің де басынан бағы тайып, ыдырап кетті. Сондықтан қала тұрғындарының ізгілікті, таза, бақытты болуы, басшысының әділ болуы халықтың мәңгілік өмір сүру сипатын көрсетеді. Бұл ойдың қазір де мәні зор.

«Ізгі қала тұрғындары» трактатындағы ойларды түріктің тағы бір талантты перзенті Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында келісті зерделейді. Алтын Орда империясы құлағаннан кейін Қазақ хандығы құрылғаны мәлім. Атақты Асан қайғы бабамыз осы дәуірде ғұмыр кешті, ол да қазаққа бақыт, мұрат іздеді. Бақытты табу үшін байтақ даланы шолып, «Жерұйықты» аңсады. Бабамыздың ойынша, «Жерұйық» деген қазаққа өмір сүруге қолайлы, сулы, нулы, қысы жылы, жазы қоңыр салқын жер болса деп армандады. Бірде құмды, шөлді өңірден өтіп бара жатқанда: «Табан терісі төрт елі, атан жүрер жер екен, аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан жүрер жер екен» деп айтыпты дейді. Ұлық ұлысқа билік жүргізген хандар соғыстан көз ашпай, халық әбден титықтады. Осыны көрген Асан қайғы «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман іздеп, көрші елмен тыныш болып, келісіммен өмір сүруді қалады. Асан қайғының бұл арманы әл-Фараби ойларымен өзектесіп жатыр. Бұқар жырау да соғысқа, қантөгіске қарсы болған адам. Дүниеде не қиын дегенде: «Желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, не істеріңді білмей сасып тұру – дүниенің ең қиыны» деген. Жырау тағы да «Таудағы бір сай үшін, жылқыдағы бір тай үшін соғыс жасама, үлкен теперішке ұшырайсың» дейді. Бұқар жыраудың мұраты да ғұлама ғалымның ойымен үндеседі. Бұл ой хакім Абайда да жалғасын табады. Ұлы Абай: «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал машпақ – бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз» деп адам болмысын ашып көрсетеді. Сондай-ақ ақын «толық адам» қасиеттерін жан-жақты зерделейді. Ғұламаның жұртты білімге, ғылымға шақырған идеясын Абай, Ыбырай Алтынсарин одан әрі ұштады. Сонымен қатар әл-Фарабидің азаттық идеясы Алаш зиялыларының еңбектерінен де көрінеді. Өткен ғасырдың басында саяси сахнаға көтерілген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан

Жұмабаев туған халқының маңдайы жарық, бақытты ел болуы үшін тәуелсіз ел болу керек дегенді айтты. Дәл сол жылдары қазақтың жері тарам-тарамға бөлініп кетті. Патша империясы қазақты «киргиз» деп атады. Бізден тіпті Ресейдің бірінші Думасына депутат сайланған жоқ, сонда бізді таныстырған башқұрттар болған. Алаш азаматтары ұлтымыз бастан кешіп отырған ауыр халді түсініп, дербестікке жету үшін газет шығарып, партия құрып, аз күн болса да мемлекеттігін жариялады. Міне, осының бәрі әл-Фараби ойымен сабақтасып тұр, яғни «мінсіз мемлекет» идеясын әл-Фараби одан ары дамытып, ғылыми тұрғыдан толыққанды дәлелдеген. Ұлы ойшыл мұндай мемлекет құрудың ешқандай утопия емес екенін, жұмыр жер үстінен жерұйық жасауға болатынын нақты дәйектеп берген еді. Сенесіз бе, әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатын тауысып оқып бітіріп, мұқабасын жауып терезеден тысқа қараған кезімде, менің көзіме қала емес, «тірілер» тұратын үлкен зират елестеді. Қала емес, бейне бір зират дерсің. Өйткені әл-Фараби ғақлиясындағы қайырымды қала мен ондағы өмірдің мағынасы мүлде басқаша. әл-Фараби ойынша, қараша халықтың қайырымды болуы немесе зұлымға айналуы, сондай-ақ жер бетінің «жұмаққа» я болмаса «тозаққа» ұласуы дегеніңіз тек адам танымына ғана қатысты. Біз қазақ және түркі әдебиеттерін үзілмес генетикалық бірлікте мәдениеті мен руханиятының бейнесі деп қарастырамыз. Осы қағидаға сәйкес дәстүрлі қазақ эстетикалық-этикалық концептілерін түркі мәдениеті аясында ғылыми ұғыну гуманитарлық ғылымдар ізденісінің келешегі бар бағыты болып табылады. Ұлттық эстетикалық және этикалық нормалар халық руханиятының негізі ретінде ұлттық сананы білдіріп көркем әдебиетте айқын көрінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Hammond, Robert. Alfarabi's Philosophy and its Influence on Scholasticism. - Sydney 2017. s. 88.
- 2 Tripodo, Pietro. Abu Nasr al – Farabi e suoi Scritti Musicali.- Rome 2016. - 38 s.
- 3 Farah, Ilyas. Al-Farabi. -Lebanon 2018. 114 s.
- 4 Дербісалин А., Сәтбаева Ш.Қ, Келімбетов Н., Медетбаев Т. т.б. Әл-Фарабидің әдеби мұралары // Наследие аль-Фараби и мировая культура. - Алматы., 2001, - 451 б.
- 5 Аль-Машани, Акжан, Многотомное собрание сочинений. – Алматы: Алатау, 2008. – 219 с.
- 6 Стратегический национальный проект «Культурное наследие» на 2009-2011 годы. Астана, 2011. - 112 с.
- 7 Аюпов Н.Г. Тенгрианство как открытое мировоззрение. Монография. – Алматы: Издательство «КИЕ», 2017 – 264 с.

*Даутова С.Б., филология ғылымдарының докторы, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының директоры*

*Оспанова Б.Р., филология ғылымдарының кандидаты, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының бас ғылыми қызметкері*

*Қансейтова Ж.Ж., филология ғылымдарының кандидаты, Шығыс тілдер және аударма кафедрасының аға оқытушысы*

С.А.КУАТБАЕВ<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи,  
г. Алматы, Республика Казахстан

### ВОСПРИЯТИЕ И ПРИНЯТИЕ ПРОБЛЕМЫ

**Аннотация.** Психологи утверждают, что все горести и беды мы вполне можем решить сами. Эмоции и восприятие стрессовой ситуации у каждого человека разные, но, тем не менее, схожие признаки имеются. В статье указаны ключевые моменты по восприятию проблемы и влияние этих проблем на уровни жизни человека. Далее анализируются, категорируются эти проблемы и даются решения по восприятию этих проблем. В конце статьи делаются ссылки на работу доктора медицинских наук Дмитрия Шаменкова по принятию этих проблем. По словам доктора Дмитрия Шаменкова «самоконтроль — слабый психологический ресурс, который быстро иссякает». Следовательно, здесь кроется причина этих проблем.

**Ключевые слова:** сознание, психология, восприятие, принятие, эмоции, поведение, проблема, взаимоотношения, внимательность, самоконтроль.

**Түйіндеме.** Психологтар барлық қайғы-қасіреттерді өзіміз шеше аламыз дейді. Әр адам үшін стресстік жағдайдың эмоциясы мен қабылдауы әртүрлі, бірақ соған қарамастан ұқсас белгілер әлі де бар. Мақалада проблеманы түсінудегі негізгі мәселелер және осы проблемалардың адам өмірінің деңгейіне әсері көрсетілген. Одан әрі аталған проблемалар талданады, санаттарға бөлінеді және осы проблемаларды қабылдаудың шешімдері ұсынылады. Мақаланың соңында медицина ғылымдарының докторы Дмитрий Шаменковтің осы мәселелерді шешудегі жұмысына сілтемелер келтірілген. Доктор Дмитрий Шаменковтың айтуынша, «өзін-өзі бақылау – бұл тез таусылатын әлсіз психологиялық ресурс». Сондықтан бұл мәселелердің себебі осында жатыр.

**Түйін сөздер:** сана, психология, қабылдау, қабылдау, эмоция, мінез-құлық, проблема, қарым-қатынас, ұқыптылық, ұстамдылық.

**Annotation.** Psychologists say that we can completely solve all sorrows and troubles ourselves. The emotions and perceptions of a stressful situation for each person are different, but, nevertheless, similar signs still exist. The article indicates the key points in the perception of the problem and the impact of these problems on human living standards. Further, these problems are analyzed, categorized, and solutions for the perception of these problems are given. At the end of the article, references are made to the work of Dmitry Shamenkov, doctor of medical sciences, in addressing these problems. According to Dr. Dmitry Shamenkov "self-control is a weak psychological resource that quickly runs out". There fore, here lies the cause of these problems.

**Key words:** consciousness, psychology, perception, acceptance, emotion, behavior, problem, relationship, attentiveness, self-control.

В современном мире нагрузка на человеческое сознание становится все больше и больше. У нас не хватает времени на себя, на свои страхи, на свои эмоции. Мы позволяем переживаниям расти и множиться, превращаясь в закоренелый комплекс. А причина всему этому есть беспрерывный, ускоряющийся темп жизни. Все чаще мы, сталкиваясь с



проблемой, предпочитаем укрыться от нее, а не бороться и выигрывать. И в этом – наша слабость.

Психологи утверждают, что все горести и беды мы вполне можем решить сами. Нужно только постараться найти «ключик». Существует множество теорий, связанных с описанием человеческого поведения при столкновении с проблемой. Конечно, эмоции и восприятие стрессовой ситуации у каждого человека разные, но, тем не менее, схожие признаки имеются.

Проблемы восприятия:

*Там, где все горбаты, стройность становится уродством.*

Оноре де Бальзак.

Взаимоотношения и навык правильного принятия людей являются самыми важными факторами для успешного ведения дел, да и, пожалуй, успешной жизни.

Как правило, каждый человек представляет собой определенный типаж общества. На формирование личности влияет большое число факторов. Таких как: семья, среда, национальная принадлежность, материальные ресурсы, социум, круг общения и т.д.

В итоге такого «микса» общество получает личность, которая несет в себе те или иные достоинства и недостатки.

Мы не можем повлиять на изменение человеческого характера. Мы не можем его в корне переделать. Мы не можем заново создать характер у человека. Но сломить или наоборот возвеличить эту личность общество вполне может.

Здесь возникает закон большинства «один в поле не воин» – на ум приходит только эта мысль. Действительно, когда общество уже сложилось с определенными ценностями, понятиями, менталитетом, восприятием действительности, то те, кто отличаются от этого же общества, мягко переводятся в ряды изгоев или же становятся выдающимися личностями. Здесь невозможно провести четкую грань правды и абсурда.

Проблемы, с которыми мы сталкиваемся, относятся к одной из трех категорий: проблемы, находящиеся под нашим прямым контролем (т.е. те, решение которых зависит от нас); проблемы, находящиеся под нашим косвенным контролем (их решение зависит от других людей); проблемы, находящиеся вне нашего контроля (на которые мы никак не можем повлиять: например, наше прошлое или уже сложившаяся ситуация). Решения этих проблем заключаются в том, что первый шаг должен быть сделан внутри нашего сегодняшнего круга влияния.

Проблемы, находящиеся под нашим прямым контролем, можно решить, совершенствуя наши навыки. Очевидно, что они находятся в нашем круге влияния.

Для решения проблем, находящихся под нашим косвенным контролем, можно прибегнуть к изменению наших методов влияния. Автор книги «Семь привычек высокоэффективных людей» Стивен Кови выделяют более 30 различных методов влияния, отличающихся друг от друга так же, как сочувствие отличается от конфронтации, а личный пример – от словесного убеждения. Большинство людей имеют в своем арсенале всего три-четыре таких метода. Обычно все начинается с уговоров, а если это не срабатывает, спорящие либо разбегаются, либо вступают в борьбу. Насколько же приятно сознавать, что я могу освоить новые методы воздействия на людей вместо того, чтобы постоянно пытаться «исправить» другого человека с помощью старых неэффективных методов.

Проблемы, находящиеся вне нашего контроля, требуют от нас лишь того, чтобы мы спокойно приняли эти проблемы такими, каковы они есть, и научились жить с ними, даже если это нам не нравится. Это вовсе не означает, что мы позволяем проблемам управлять нами.

К какой бы категории ни относилась та или иная проблема, в наших силах сделать первый шаг к ее решению. Развитие наших навыков, изменение наших методов влияния и нашего отношения к проблемам вне нашего контроля – все это находится в пределах круга влияния.

Принятие проблемы:

Понятие «принять, принятие» - важное и популярное в практической психологии, однако с ним много сложностей, поскольку оно давно уже стало бытовым понятием и легко меняет свои смыслы и содержание в разное время, в разном контексте и у разных людей. Есть «принятие» по науке, а есть "принятие" в поле тематики практической психологии и психотерапии, и это очень разные вещи. В строгом смысле слова, по-науке, принятие (чего-то или кого-то) - это согласие на близкое и непосредственное взаимодействие, включение в реалистичное взаимодействие без негатива и протестов.

Сигнал принят - информация включена в систему обработки.

«Примите меня в игру! - Иди, мы тебя принимаем!» - распространенный диалог при входе нового человека в игру. «Я не принимаю ваших условий» - отказ взаимодействовать на предложенных условиях. «Я не могу принять то, что произошло» - происшедшее вызывает у меня протест.

Однако в поле тематики практической психологии и психотерапии под «принятием» подразумевают нечто другое, что обычно расшифровывается очень просто: «не бурчать, не сердиться и не ругаться». Принять человека – это не бурчать и не ругаться на его трудные особенности. Принять себя – не сердиться на свои недостатки.

Если у нас есть значимые нам люди, нам не хочется быть для них чужими. Нам хочется – принятия. Если человек чужой для всех, обычному человеку от этого плохо, и его желание быть для кого-то своим называют потребностью в принятии. Впрочем, желание быть своим (потребность в принятии) нередко подталкивает людей к некритичному усвоению ненужных, неперспективных, а то и прямо антиобщественных норм, к ошибочному поведению [1].

Мы не совершенны, мы нередко совершаем поступки, которые вызывают у нас недовольство собой, за которые мы ругаем и обвиняем себя. Это неприятно, от этого больно, тем более, когда мы делаем это неоправданно долго или сильно. В этом случае, чтобы это прекратить, также говорят о необходимости принятия, о необходимости принятия себя.

Похоже, в таком контексте имеется в виду только одна из разновидностей принятия, а именно внутреннее принятие: личное принятие (или непринятие) чувствами. С этим вполне можно согласиться, однако при этом не следует отождествлять внутреннее принятие и принятие безусловное – такое отождествление порождает проблемы и недоразумения.

В вопросе о принятии важнейшее различие – различие условного и безусловного принятия. Безусловное принятие – принимающее отношение при любых обстоятельствах, при любых условиях. Безусловное принятие – типичная черта материнской модели любви: «Я тебя люблю любого, каким бы ты ни был!». Условное принятие – принимающее отношения в некоторых рамках, при некоторых условиях. От «Я тебя люблю, но ты иди вначале умойся! С неумытыми я не разговариваю» - до «Вон отсюда! Вначале приведи себя в порядок, а потом являйся сюда!». - Ближе к отцовской модели любви.

Внутреннее принятие – в целом очень полезное состояние и позиция, но у него, кроме плюсов, бывают и минусы.

Что принимать следует, а что нет?

Люди, имеющие свои взгляды, свои ценности и имеющие волю, считают своим правом самим выбирать свой образ жизни и правила жизненной игры. При этом некоторая

часть людей то ли в силу слабой воли, то ли отсутствия собственных взглядов и ценностей бездумно принимает в свою жизнь то, что принимать (по-видимому) не следует.

Как внутренне принять то, что вызывает протест?

Если головой человек понимает, что происходящее принять необходимо, и за протестом стоит только сопротивление чувств, то можно положиться на время: со временем люди привыкают ко всему (или почти ко всему). Можно ли это «со временем» сделать покороче, а то и вовсе обойтись без внутреннего сопротивления?

#### *Принятие и развитие личности*

Для массовой личности принятие – это только состояние, для осознанной личности – это еще и позиция. Выбранная позиция принятия, иногда непростой процесс (действие) принятия, приводящие к итоговому состоянию принятия.

Единственный путь к здоровью – снизить напряжение, начинающееся от отождествления себя с «делателем», и принимать жизнь без сопротивления, - говорят современные физиологи.

Важное для меня открытие – доктор Дмитрий Шаменков и его проект «Система управления здоровьем (SUZ Community)». Полное совпадение на ценностном и смысловом уровне. Привожу цитаты одного из видеоуроков. Про нейрофизиологические особенности восприятия реальности, научное объяснение свободы выбора и силы воли, научное доказательство существования предназначения, абсурдности борьбы и важности принятия. Самоконтроль – слабый психологический ресурс, который быстро иссякает.

Здесь уместно сослаться на результаты исследований признанных специалистов:

*“Мы выяснили, что, проявляя умение контролировать себя в каком-то конкретном случае, мы легче теряем самообладание в других последующих случаях. После сопротивления искушениям люди хуже выполняют задания на внимательность и в меньшей степени способны противостоять соблазнам. Чем больше мы надеемся на волю, тем быстрее она предает. Общие решения, которые мы склонны принимать, предъявляют необоснованные требования к нашему самоконтролю”.*

(Результаты исследований Марка Муравена и Роя Баумейстера)

Смотря на звездное небо, мы видим прошлое (свет идет к нам некоторое время). Свет от солнца идет 8 минут. Мы видим солнце 8 минут назад. Все, что вокруг нас мы видим, мы воспринимаем с задержкой.

Мозг совершает визуальную обработку с некоторой задержкой. Мы видим то, что произошло 15 секунд назад.

Даже собственные решения и мысли воспринимаем с задержкой. До того, как человек делает сознательный, по его мнению, выбор, в мозге уже активизируются участки, ответственные за эти мысли (около 9 секунд).

Любая попытка бороться с реальностью, которую мы воспринимаем, обречена на провал. Потому что реальность уже прошла. Мы даже с самим собой не можем бороться.

С физиологической точки зрения мы программируемся системами вышестоящего порядка.

В результате борьбы мы теряем энергию на действия [2].

В этом контексте насилие над собой, любая попытка через усилия действовать, обречена на провал. В итоге мы можем что-нибудь достигнуть, но потеряем здоровье.

Через осознание нелогичности борьбы и необходимости принятия, сменив фокус с борьбы на созидание, мы можем, получая положительную обратную связь, реализовываться и эволюционировать.

Если мы впишем в мир, в котором мы живем, наши представления о нем с колоссальными затратами сил, все равно будет оставаться люфт, который не будет давать нам получать удовольствие от жизни.

Поток жизненной энергии постепенно иссякает, если мы не реализуем свое истинное предназначение. Единственный выбор, который у нас есть – это сопротивляться реальности или не сопротивляться. Когда мы сопротивляемся – мы идем на поводу Эго-уровня.

Восстановительная тренировка (физкультурная пауза) должна проводиться несколько раз в день (в рабочие дни).

При самостоятельных занятиях физическими упражнениями очень важным для оценки оздоровительного эффекта является систематический контроль.

Контроль в процессе тренировки позволяет определить текущий уровень физической подготовленности для планирования оптимальных нагрузок, выявить «отстающие» двигательные качества и оценить величину их прироста.

Самоконтроль сводится к определению величины физической нагрузки на основе ответных реакций организма.

Информативными показателями интенсивности нагрузки являются субъективные ощущения.

В зависимости от характера и условий дежурства предусматривается возможность выполнения комплексов физических упражнений до, во время и после дежурства. В каждом из этих случаев комплексы упражнений должны несколько различаться по направленности, содержанию, времени выполнения и продолжительности.

Физические упражнения перед заступлением на дежурство выполняются в виде специального комплекса в течение 8–10 минут в составе расчета, смены или индивидуально в умеренном темпе на открытом воздухе или в помещении и заканчиваются, как правило, за 10–15 минут до заступления на дежурство. В комплекс могут быть включены:

– упражнения динамические для умеренного повышения обмена веществ и деятельности сердечно - сосудистой и дыхательной систем (ходьба спокойная, ускоренная и с высоким подниманием колен);

– упражнения динамические для более быстрого увеличения интенсивности обмена веществ и повышения деятельности органов и систем организма, для ликвидации застойных явлений в отдельных частях тела (медленный бег, прыжки, приседания в сочетании с прыжками);

– упражнения для выпрямления позвоночника, расширения грудной клетки, активизации дыхания (потягивание с глубоким дыханием);

– упражнения для укрепления мышц рук и плечевого пояса и усиления в них кровообращения (движения рук в различных направлениях, сгибание в локтевых суставах, вращение кистей);

– упражнения для укрепления мышц туловища и живота, увеличения подвижности позвоночника, улучшения осанки (наклоны туловища в стороны и вперед, вращение туловища в разных направлениях);

– упражнения для укрепления мышц ног и усиления в них кровообращения (приседания на одной и на обеих ногах, поочередное размахивание ногами в различных направлениях, поднятие на носках, вращение ступней ног);

– упражнения вдвоем, выполняемые с целью более сильного воздействия на организм и повышения эмоционального состояния;

– упражнения на координацию движений и на повышение внимания.

При низкой температуре внешней среды в содержание комплекса включаются, прежде всего, упражнения, связанные с вовлечением в работу больших мышечных групп и вызывающие интенсивное теплообразование.

При высокой температуре воздуха упражнения должны отличаться большой амплитудой движений и быть связаны с вовлечением в работу отдельных, как правило, небольших групп мышц и не вызывать повышенного теплообразования. В этих условиях рекомендуется также использовать упражнения на внимание и приемы самомассажа.

В процессе дежурства физические упражнения выполняются самостоятельно или под руководством оперативного дежурного (начальника дежурной смены, боевого расчета, звена) через каждые два часа продолжительностью 5–8 минут.

Так, например, при боевом дежурстве летчиков в дежурной комнате основное содержание комплекса составляют вольные упражнения для отдельных групп мышц, а также специальные упражнения для летного состава, включающие наклоны, повороты, вращения головой и туловищем в различном темпе. Комплекс включает 8–12 упражнений и выполняется в течение 5-6 минут. Целесообразно использовать при этом ходьбу и бег в умеренном темпе. В некоторых частях в условиях дежурства, кроме вольных упражнений, выполняются упражнения с гантелями, гирями и штангой, применяются упражнения на гимнастических снарядах, а также проводятся подвижные и спортивные игры (настольный теннис и др.).

В процессе длительного (более четырех часов) боевого дежурства у аппаратов, приборов и механизмов используется кратковременный (5–8-минутный) комплекс физических упражнений. Он составляется с учетом применения его на месте несения дежурства или около станций и вне служебных помещений. Если комплекс применяется на рабочем месте, то в него могут включаться 6–8 упражнений, выполняемых в положении сидя, потягивание со сведенными и разведенными руками; повороты туловища налево и направо; удержание согнутых ног в положении «угол»; вставание с прогибанием в спине из упора сидя; приседание перед табуретом (стулом) сгибая руки; быстрое поочередное поднимание и опускание ног (имитация быстрого бега на месте – 2-3 раза по 10 секунд). В комплексы, выполняемые вне служебных помещений, включаются ходьба и бег в медленном и среднем темпе в течение 1-2 минут и вольные упражнения, воздействующие на различные группы мышц.

Для более эффективного воздействия на функциональное состояние центральной нервной системы в комплексы обычно включаются несколько физических упражнений, содержащих элементы статических напряжений.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Айзенберг А.Я. Самообразование: история, теория и современные проблемы / А.Я. Айзенберг. - М.: Высшая школа, 1986. - 126 с.
- 2 Зборовский Г. А. Самообразование - парадигма XXI века // Высшее образование в РК. - 2003. - № 5. - С. 25-32.
- 3 Трофимова Н.М. Самообразование и творческое развитие личности будущего специалиста // Педагогика. - 2003. - № 2. - С. 42-50.
- 4 Щуклина Е.А. Технологии самообразования: социологический аспект // Общественные науки и современность. - 1999. - № 5. - С. 140-151.

*Джамышев А.С., преподаватель кафедры физической подготовки*

FTAMP 17.76.50

Б.С.ҚАПАЛБЕК<sup>1</sup>, А.М.КЕНЖЕҚОЖАЕВА<sup>1</sup><sup>1</sup>«Мемлекеттік тілді дамыту институты», Алматы қ-сы, Қазақстан Республикасы**ФОЛЬКЛОРЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУДІҢ  
ТӘРБИЕЛІК СИПАТЫ**

**Түйіндеме.** Халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің портреттерін біріздендіру арқылы өсіп келе жатқан жас ұрпаққа және жалпы қалың жұртшылыққа ұлттық тәрбие беру мәселесі қарастырылып, оның ұтымды тұстары мен тәрбие үдерісіндегі атқаратын рөлі баяндалады. Қазақы танымның фольклорлық туындылар негізінде қалыптасатынын ескере отырып, ұлтты тәрбиелеудің басты құралына айналдыру мақсатында зерттеу жүргізіп, кейіпкерлерді біріздендіру және жүйелеудің маңыздылығы айтылады.

**Түйін сөздер:** халық ауыз әдебиеті, біріздендіру, аңыз, миф, тәрбие, кейіпкер, әлемді тану, патриотизм, ғылыми зерттеулер, фольклор.

**Аннотация.** Через унификацию портретов героев устного народного творчества будет рассмотрен вопрос национального воспитания подрастающего поколения и широкой общественности. Учитывая, что казахское познание формируется на основе фольклорных произведений, в целях превращения фольклора в главный инструмент воспитания нации, подчеркивается важность унификации и систематизации персонажей.

**Ключевые слова:** народная устная литература, унификация, легенда, миф, воспитание, герой, познание мира, патриотизм, научные исследования, фольклор.

**Annotation.** Through the unification of portraits of heroes of oral folk art, the issue of national education of the younger generation and the General public will be considered. Taking into account that Kazakh knowledge is formed on the basis of folklore works, in order to turn folklore into the main tool of education of the nation, the importance of unification and systematization of characters is emphasized.

**Key words:** folk oral literature, unification, legend, myth, education, character, world cognition, patriotism, scientific research, folklor.

Халықтың рухын көтеріп, тіліміз бен ұлттық мәдениетімізді сақтап қалуға негіз болатын құралдардың бірі және тиімдісі – ата-бабаларымыз мирас еткен мәдени игіліктер, яғни фольклор. Балаларды өз елінің рухты тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару, жас өркеннің шабыты мен дарынының ашылуына жағдай жасау, сондай-ақ оларды бәсекеге қабілетті азамат етіп дайындау – біздің мақсатымыз. Бұл мақсатқа жету үшін берілетін тәрбие ұлттық дәстүрлерге, танымға сүйеніп жүргізілуі міндетті. Ұлттық тәрбиені халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған алтын көмбесі – халық ауыз әдебиетіне сүйенбей жүргізу мүмкін емес. Өйткені «сөз қадірін – өз қадірім» деп ұққан ата-бабамыз тілі мен діліне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты көрген-түйгендерін, насихат-өнегесін халық ауыз әдебиеті арқылы мирас етіп отырған. Халық ауыз әдебиетінің алтын сандығы атадан балаға ауызша жеткізіліп, асыл мұраның қасиетті кілті жатқа айту арқылы табыс етіліп келді. Бертін келе, ел ішіндегі көкірек көзі ашық сауатты азаматтар бұл көмбені хатқа түсіріп, ғасырлар қойнауында жасырынып қалмаудың жаңаша жолын тапты. Қазіргі электронды ақпарат алудың жолдары кеңейіп, кітап оқу жағы кенжелеп отырған заманда «ел қазынасы – ескі сөзімізді» замана көшімен бірге алып жүру үшін том-том кітап шығару жеткіліксіз. Бүгінгі

фольклортанушылардың алдында құнды мұраларымызды жастардың санасына сіңіртудің жаңаша жолдарын табу міндеттері тұр.

Баланың санасына анимациялық фильмдер арқылы сіңіп жатқан жат образдар ойыншық түрінде қолына ұсынылып, қиял әлемін жаулап алады. Балаларға арналған баспа өнімдеріндегі түрлі-түсті суреттер арқылы сәбидің дүниетанымына араласып, сүйікті кейіпкеріне, еліктейтін піріне айналады. Хат таныған жеткіншек, әрине, тәрбиелік мәні зор қазақ фольклорының нұсқаларын емес, сәби күнінен санасына таныс болған кейіпкерлер туралы ақпараттарды іздеп оқиды. Сөйтіп түрі қазақ болғанмен, танымы жат ұрпақтар легі қалыптасады

Ғылым мен техника қарыштап дамыған бүгінгі өркениетті заманда өткен құндылықтарымыздан қол үзе бастағанымыз – ащы шындық. Мұның бір себебі қазақ фольклорлық мұраларының ғаламтор бетінен, интернет кеңістігінен тиісті орнын ала алмай жүргендігінде. Инновациялық технологиялардың жетістігін пайдалана отырып, қолда бар мұраларымызды жастардың бойына сіңіру бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақтың ұлттық болмысы, тілі, мәдениеті, тарихы атадан-балаға мирас болып келе жатқан батырлар жырларында, ғашықтық қисса дастандарында, тарихи өлеңдері мен жырларында сақталған. Фольклорлық кейіпкерлердің портреттерін жасау жастардың ғана емес, ұлттың рухани мұрасын танып-білсем деген кез келген адамның қиял әлемін қанаттандырады.

Халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлерді біріздендіру мәселесін біз бүгін ғана көтеріп отырған жоқпыз. Жалпы фольклорлық кейіпкерлердің түр-келбетінің қазақылықтан алыс кетіп, өзге ұлтқа еліктеп салынуы әрі бір ізге түспегендігін қазақ зиялысы Әлихан Бөкейханов өзінің «Қобыланды» жырына жазған сын мақаласында ашып айтқан болатын [1]. Онда кейіпкердің қазаққа тән иықты, ірі кейпінен айнып, келбетінің бұрмалануы, қыр мұрынның пұшық мұрынмен алмасқаны айтылады. Кейіпкерді қойып, оның мінген тұлпарын да орыстың боз айғырына ұқсатуы, тіпті қазақтың бәйге алар, шапқанда шаң жуытпас тұлпарына жуымайды. Бас кейіпкердің мұнша бұрмалаушылыққа тап болуына мәтінді дұрыс пайдаланбау, көшіру, еліктеу, сауатсыздық себеп. Халық ауыз әдебиетінен хабарсыз, қазақы танымнан алшақ кетіп, өзіміздің ұлттық мұрамыздың қадірін кетіріп, ұлттық рухты түсіріп алып отырмыз. Ал ұлттық рухтың құлдырауының салдары неге алып келетінін әдебиетті зерттеуші, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы былай тұжырымдаған: «Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!» [2]. Яғни, дәл бүгіннен бастап өткен дәстүрімізді, түп тарихымызды, ұлттық рухымызды биік ұстамасақ, ертеңгі қазақтың тағдыры көлеңкеде қалып қоймақ.

Қазіргі ақпараттық ғасырда «өркениеттер қақтығысы», «жаһандану дәуірі», деген атаумен енген ХХІ ғасырда әлем халықтарының алдында ұлт ретінде сақталып қалу мәселесі туындап отыр. Халықтың менталитеті өркениетке бейімделген сайын өзінің ұлттық құндылықтары мен ұлттық дүниетанымын сол күйінде сақтап қалатын ұлт та азая бермек. Бүгінгі ұрпақ Алпамыс пен Қобыландыны үлгі тұтпайтындығы былай тұрсын, халық ертегілері мен жырларын оқымайды да. Себебі қызықтыратын факторлар аз. Төл әдебиетіміздің нағыз қаһармандарынан гөрі өзге елдің кеше ғана дүниеге келген фантастикалық туындылары балаларға әлдеқайда қызық. Оның есесіне батыс фольклорының негізінде даярланған немесе ойдан шығарылған анимациялық фильмдерді үзбей қарап, сол фильмдердің негізінде сомдалған қуыршақтарды, кітапшаларды, сол негізде жасалған кез келген өнімді дүкен сөрелерінен қуана сатып алады. Бұл туындылар жаһандану үдерісінің әлемнің дамуына қосатын ұлттық кодты жоғалту, ұлттық санадан ажырап қалу қаупін төндіретіндігін әлем ғалымдары толық мойындап отыр және одан шығар жолдарды да іздестіруде. Бұл мәселені шешу барысында іргелі және қолданбалы ғылымның түрлі салаларындағы ғалымдардың қол жеткізген оң нәтижелері де бар.

Жаһандану кезінде құндылықтардың өзгеруінен адамдар арасындағы қатынас, ұлттық дүниетаным, жастардың өмірлік басымдықтары өзгеру үстінде, ата буынның бабадан мирас болып келе жатқан дәстүрлік нормасы бүгінгі өмір салтынан шеттеліп қалуда. Осындай ұлттық тұтатастығымызды сақтаудағы міндеттерді шешуге жалпы білім беру жүйесі барынша атсалысуы тиіс. Қазақ халқының рухани мұрасын қабылдауға, ұғынуға, сақтауына мүмкіндік берумен бірге ұлттық сана мен жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін ашып, қазіргі заман талабын қанағаттандыра алады. Тәрбие белгілі бір идеалға, жүйеге сүйеніп жүргізіледі. Замана көшімен бірге ілесіп бүгінгі күнге жетіп отырған образдар, таным-түсініктер мен моральдық қағидаттар жас ұрпақты тәрбиелеуде ұстанатын бағдар болғаны жөн. Бұл жағынан келгенде де ақпараттар тасқыны арқылы жас ұрпақ санасына сіңіп жатқан шетелдік жасанды кейіпкерлер мен мінез-құлық нормаларына қарағанда, тәрбиелік мәні зор өзіміздің ұлттық кейіпкерлер мен салт-дәстүрімізді идеалға айналдыру дұрыс.

Ұлттық колориті сақталған, бірізге түскен фольклорлық кейіпкерлердің суретін жастайынан зердесіне түйіп өскен ұрпақ оны қай жерден көрсе де жаңылмай танып, жадында сақтайды. Кейін осы кейіпкерлерге қызығушылығы артып, сол кейіпкерлер бас қаһарман болып табылатын фольклорлық мұраларды оқитын болады. Бұл зерттеу жұмысының нәтижесінде жоғары оқу орындарының гуманитарлық және аниматорлық факультеттерінде оқытылатын жаңа элективті курс материалдарын дайындау, сондай-ақ балаларға арналған баспа өнімдерін көркем безендіру мәселелері шешілмек. Осы тұрғыдан алғанда бұл ғылыми зерттеу жұмысы фольклортану ғылымы үшін қызмет етіп қана қоймайды, жалпы қоғамдық-әлеуметтік практикалық қажеттіліктерді өтеу үшін де экономикалық жағынан тиімді құрал бола алады.

Қазақ фольклорындағы кейіпкерлер өзінің атқаратын қызметі, көркемдік құндылығы, тәрбиелік мәні жағынан әртүрлі болып келеді. Адам санасының әртүрлі даму кезеңінде өмірге келген қаһармандардың қалыптасу, өсу, толысу кезеңдерінің түрліше болуы заңды құбылыс. Сол кейіпкерлерді және олардың іс-әрекеттерін, жасаған жақсылықтары мен атқарған қызметтерін түсініп, оны санасына сіңірген әр бала ұлттық тәрбиеден нәр алуымен қатар ұлттық мінезді қабылдап, түбі сонау тереңде жатқан қазақи танымды жоғалтпайды.

Халық ауыз әдебиетін жүйелеп, көпшілікке дұрыс ұсыну – көркемдік таным сапасының жоғарылауына және ұлттық тәрбиені нығайтуға негіз болады. «Адамзаттың көркемдік дамуында фольклор мен әдебиеттің алатын орны үлкен. Өзара күрделі ұқсастықтары да бар бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін нақтылы біліп отыру – рухани жолдарын түсіну үшін де аса қажет. Фольклор мен әдебиеттің жалпы заңдылықтары мен шарттылықтарын саралап ажырату – ауыз әдебиеті қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте-мөте керек» [3].

Фольклорлық шығармалардың ара-жігін айқындап, халық ауыз әдебиетіндегі аңыз кейіпкерлерін әр қырынан зерделеп, ұлттық таным мен тәрбиенің, ұлттық сананың діңгегін қалауда атқаратын рөлі халыққа оңтайлы жағынан түсіндірілуі керек. Сонда ғана халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің бірізді бейнесі негізінде бүгінгі таңда батыс мәдениетінің жаппай таратып отырған, сол елдердің ойдан құрастырылған аңыз әңгімелеріне қызығушылық танытып, сонымен сусындауды әдетке айналдырған балалар үшін ғана емес, ұлттық фольклорымыздағы ертегі мен аңыз кейіпкерлерінің өзгешеліктері мен нақты портретін таппай жүрген қалың жұртшылыққа да пайда болмақ. Балалардың ұлттық тілімізде еркін көсіліп, әдеби тілді игеруіне көмектеседі. Кейін қазақ аңыз кейіпкерлерінің нақты портреттері арқылы түсірілген анимациялық фильмдерге қызығушылық артады. Фольклор жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіруге септігін тигізеді.



Қазіргі заманда ұлттың назары жаңа технологиялар мен толассыз ақпарат ағымына ауған. Бұдан, әрине, жас буын да қалып отырған жоқ. Бүгінгі күнде ертедегідей әжесінің аңыз-ертегісін тындап, тәрбие алып жатқан бала аз, тіпті жоқ. Сондықтан, кітапты қызығып оқымайтын немесе аз оқитын ұрпақ ұлт тарихының бастауынан сыр шертетін фольклорлық туындылармен танысу, білу, аңыз кейіпкерлерінің тұлғасын тану, бейнесін көру секілді қажеттіліктерден шет қалып жатыр.

Ұлттық мұрамызды дәріптеу және ұлттық тәрбие мәселелерін шешу үшін жалпы білім беру жүйесі толығымен атсалысуы тиіс. Ұлтымыздың ертеңі үшін еңбек еткен, өз қамқорлығы мен жасаған игі істері арқылы ауыздан ауызға аты айтылып, ұлттық намысты қорғаған фольклорлық тұлғалардың түрін түстеп, оқиғасын баяндап бере алатын білім жүйесін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері жасалуы тиіс. Шетелдік анимациялық фильмдердегі түрлі кейіпкерлерді көріп, соларға еліктеп, атын жаттап, ерлігіне қарай пір тұтып жүрген балаларға өз ұлтымыздың қаһармандарын таныту, солардың ерлігін дәріптеу еліміздегі білім жүйесінің басты міндеті болуы қажет. Себебі, білім мен тәрбие қатар жүреді.

Балаларды және жалпы жұртты қазақ халық ауыз әдебиетін оқуға шақыру үшін, оларды жалықтырып алмай, кейіпкерлердің суретін иллюстрациялай отырып, инновациялық құралдар арқылы жариялау қажет. Осыған дейін мән бермей келген, көлеңкеде жатқан фольклор кейіпкерлерімен танысуға, олардың хикаяларын тамсанып оқуға мүмкіндік тудыру маңызды. Фольклорлық кейіпкерлердің әрқайсысы өз бойында немесе іс-әрекеттерінде тәрбиелік сипатын ала жүреді. Мысалы қазақ фольклорында мифтік сипатынан гөрі адами қасиеттері басым, трансформацияланған кейіпкерлер де мол. Бұл кейіпкерлердің өмірде болғандығы күмән тудырмайды, іс-әрекеті шындыққа сыйымды болып келеді. Осындай кейіпкерлердің бірі - Тазша бала. Қай шығарманы алмайық соңында ол бай болып, барша мұратына жетіп отырады. Тазша баланың сыртқы кейпі сұрықсыз, кейде тіпті жиіркенішті болғанымен ішкі дүниесі бай. Тазшаның осы реңсіздігі оны сырт көзден қорғайтын жамылғы іспетті. Оның ақылдылығы, тапқырлығы, өжеттілігі мен қайсарлығы іс-әрекеті арқылы көрініс алып, шығарманың соңында сыртқы жамылыш сыдырылып түседі.

Қазақ фольклорында бірер ертегіде ғана кездесетін, бірақ өзіндік орны ерекше, қазақпын деген адамның бәрінің жүрегінен ойып орын алған бейне – Қаңбақ шал. Бұл ертегі кейіпкерін білмейтін қазақ жоқ десек артық айтқандық болмас. Сыншыл ертегілер қатарына жатқызылып жүрген «Қаңбақ шал» ертегісінің бірнеше нұсқасы бар. Бір мәтінде «қорқақтығынан үйден шықпайтын шал қолындағы жарасына алпыс шыбын үймелеп, оларды бір соғып өлтіргені үшін өзін батыр санағаны туралы айтылады. Ен далаға шығып, ұйықтар кезде өзінің осындай батырлығы туралы жазып қойғанын көрген үш дәу оны қорқа соқтап, сақтықпен оятады. Кейін шал өзін құдықтан шелекпен су және орманнан ағаш кесіп әкелуге жұмсағанда тапқырлық көрсетіп, дүлей күш иелерін айласымен жеңеді. Міне, осы секілді адам бойында болуы тиіс көркем қасиеттерді немесе теріс қылықтарды мысалға ала отырып, фольклор кейіпкерлері өз оқырманын адамгершілікке, жақсылыққа, сыйластыққа тәрбиелейді.

Фольклор жанрлары бүгінге дейін зерттеліп келгенімен, жұртшылық әліге дейін аңыз бен мифтік туындылардың мәтіндік ерекшелігі мен кейіпкерлерін ажырата алмай жүр. Фольклордың бір жанры туралы қарымды пікір: «оқиғасы реал өмірден алынып болмысы шындық негізде ауызша шығарған қазақ халқының көркем шығармаларының елеулі бір саласы – аңыз әңгімелер» [4]. Әйтсе де бұл айырмашылықтың: «Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол - барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық шығармашылығының ерекше бір саласын құрайды» [5] - деп ұлы Мұхтар Әуезов бірден екі жанрдың жігін ашып берген болатын. Яғни, фольклорлық мәтіндер мен

кейіпкерлердің бойында және іс-әрекеттерінде тәрбиелік мәнімен қатар ұлттың кешегі тарихы, салты мен таным-түсінігі жатыр.

Қорытындылай келе, қазақ халық ауыз әдебиеті арқылы тәрбие беру мақсатында, біріншіден, фольклорлық туындылардың барлығын сүзгіден өткізу керек. Екіншіден, кейіпкерлердің тұлғасы мен мінездік сипатын ашатын мәтіндер және басты кейіпкерлердің тізімін іріктеу қажет. Үшіншіден, халық ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдардың кейіпкер туралы жазған тұжырымдары мен сипаттамаларын жинақтап, әдебиеттанушы, суретші, этнограф және журналисттерден тұратын қазылар алқасын құру керек. Төртіншіден, халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің сипаттамасын суретшілерге ұсыну қажет. Бесіншіден, халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің ішінен мәтіндегі сипаттамасына сай келетін сурет таңдау керек. Осы жұмыстар жүзеге асырылғаннан кейін, кейіпкерлердің суреттері берілген құрал шығарып, балаларға арналған өнім шығаратын мекемелерге, баспалар мен сайттарға, білім беру ұйымдарына, кітапханаларға жіктеме бойынша жаппай тарату керек.

Халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерін оқулықтар, анимациялық фильмдер және көше ақпарат құралдарында біріздендіру жұмысы түп тамырдың тарихы мен тәрбиелік мәнін ашуға, балалар мен жалпы ұлтты өзіміздің қазақ ауыз әдебиетінің қаһармандарынан үлгі алып, тәрбиеленетін, шетелдік «Шрэктерге» емес, қазақтың «Өтеген, Ағыбайларына» еліктейтін азамат етуге негіз болады. Адам қиялынан туындаған емес, шын бастан өткерген оқиғасы бар тұлғаларды суреттеу – тарихты жаңғыртумен тепе-тең. Себебі фольклор, біріншіден сарқылмайтын тәрбие көзі болса, екіншіден, ұлттың тұрмысының бір бөлшегі әрі асыл сөз өнері.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Бөкейханов Ә.Н. Қара қыпшақ Қобыланды. - Алматы: Қазақстан, 1994. – 410 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. – 460 б.
- 3 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
- 4 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1958. – 318 б.
- 5 Әуезов М., Соболев Л. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдеби баспасы, 1962. – 54 б.

Қапалбек Б.С., *ф.ғ.к., доцент, Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры,*

Кенжеқожаева А.М., *Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері*

FTAMP 15.21.35

**Б.Н.ЖЕКСЕНБИНОВ<sup>1</sup>, А.Қ.ТӨГІСОВА<sup>1</sup>, Е.А.МҰХАТАЕВ<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы  
Ұлттық қорғаныс университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

### **ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ СТРЕСКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ**

**Түйіндеме.** Мақалада ғылыми әдебиеттердегі әртүрлі көзқарастар негізінде стресске төзімділіктің мәні туралы жалпыланған көрініс жайында айтылған. Авторлық ұжым төзімділікті қалыптастыру процесінде болатын қарама-қайшылықтар мен ерекшеліктерді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшісі жеке басының ерекшеліктерінің маңызды және қажетті психофизиологиялық көрсеткіштерінің бірі ретінде ашады, бұл оның психикалық төзімділігін бағалауға және сындарлы жағдайларда іс-әрекеттің нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде негізгі сыртқы және ішкі факторлар анықталып, жалпыланды, бұл әрине әскери қызметшінің кез келген жағдайдағы тапсырмаларды орындауы үшін қажетті қасиеттер мен жалпы стресске төзімділіктің қалыптасу процесіне әсер етеді. Қорытындысында стресске төзімділіктің жоғары деңгейін одан әрі қалыптастыру мен дамытудың проблемалары мен негізгі бағыттары анықталды.

**Түйін сөздер:** стресске төзімділік, қалыптасу, стрестік жағдайлар, факторлар, ерекшеліктер, әсер ету, жауынгерлік іс-әрекеттер, шиеленіс.

**Аннотация.** В статье на основе различных взглядов в научной литературе отражается обобщенное представление о сущности стрессоустойчивости. Авторский коллектив выявляет противоречия и особенности, которые существуют в процессе формирования стрессоустойчивости как одного из важных и необходимых психофизиологических показателей характеристики личности военнослужащего Вооруженных Сил Республики Казахстан, позволяющего судить о его психической устойчивости и прогнозировать результат действий в критических условиях.

В результате анализа научной литературы выявлены и обобщены основные внешние и внутренние факторы, которые, безусловно, влияют на процесс формирования качеств и в общем стрессоустойчивости необходимых для выполнения военнослужащему поставленных задач в любых условиях обстановки. В заключение определены проблемы и основные направления дальнейшего формирования и развития высокого уровня стрессоустойчивости.

**Ключевые слова:** стрессоустойчивость, формирование, стрессовые ситуации, факторы, особенности, воздействие, боевые действия, напряженность.

**Annotation.** In this article according to the different views in some scientific literature is reflected generalized presentation about the fact to the ability to cope with stress. The collective body identifies the contradictions and peculiarities which prevail in the process of the development of the ability to cope with stress as one of the most important and essential psycho physiological index of characteristic of an individual as a service member of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan permitting to judge about his/her psychic stability and predict the result of actions in critical situations.

As a result of analysis of scientific literature it was revealed and summed up some main outer and inner factors which certainly influence on the process of forming the quality and in general the ability to cope with stress essential for accomplishing the assigned mission by any service member in any conditions of a situation. In conclusion it was identified the problems and main vectors of further building and development of high level ability to cope with stress.

**Key words:** ability to cope with stress, building, stressful situation, factors, peculiarities, influence, combat operations, tension.

Қазіргі заманғы адамның өмірі оның қызметінің барлық саласында маңызды рөл атқаратын стрестік жағдайларға толы. Жеке жағдайларда олар оң әсер етеді, қолайсыз факторлардың әсеріне төзімділікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал өзге жағдайларда олардың артық әсері бүкіл функционалдық жүйенің жұмысын тұрақсыздандырып, қайтымсыз процеске әкелуі мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы депрессия күйінің мәселелеріне арналған өзінің пресс-релизінде депрессия жағдайларының саны мен онымен байланысты жабырқаулық эпидемияға айналғаны туралы хабарлайды. Әлемнің барлық елдерінде шамамен 350 миллион адам осы ауруға шалдыққан. Одан басқа жыл бойы олардың бес пайызында қайталанып отырады [1].

Сонымен, ашық ақпарат көздерінде жарияланған статистика деректері бойынша Ресейде жыл сайын жүйке-психикалық жабырқау негізінде атыс қаруын қолдану арқылы өлтіру және кісі өлтіру әрекеті бойынша 2120 астам жағдай тіркелген, оның жартысынан көбін армияда қызметін өткерген 18- жастан 45 жасқа дейінгі адамдар жасаған [2].

Қазақстандағы өзін-өзі өлтірушілік саны бойынша ресми статистика жарияланбаған. Тәуелсіз сарапшылармен келтірілген сандар өзін-өзі өлтіру проблемаларының қауіпті қарқын алуы туралы растайды [3].

Осындай қылмыс себептерінің бірі адамның стреске төзімділігінің төмендігі. Ол кадрлар тұрақтамаушылығының артуына, еңбекке қанағаттанушылықтың төмендеуіне, жеке қасиеттерінің деформациялануына әкеп соғады [4].

Егер стреске төзімділік туралы айтар болсақ, онда ең алдымен, бұл ұғымды анықтап алуымыз керек. Б.Х.Варданян стреске төзімділікті психикалық, сондай-ақ эмоционалдық қызметтің бүкіл компоненттерінің ерекше өзара әрекеті ретінде анықтайды. Ол стреске төзімділікті «...можно более конкретно определить как свойство личности, обеспечивающее гармоническое отношение между всеми компонентами психической деятельности в эмоциогенной ситуации и, тем самым, содействующее успешному выполнению деятельности» [5, 34б.], – деп жазады.

Стреске төзімділіктің ең маңызды тұстарының біріне П.Б. Зильберман көңіл аударып, ... устойчивость может быть нецелесообразным явлением, характеризующим отсутствие адекватного отражения изменившейся ситуации, свидетельствующим о недостаточной гибкости, приспособляемости, – дей келе, стреске төзімділіктің сәтті түсіндірмесін ұсынады «... интегративное свойство личности, характеризующееся таким взаимодействием эмоциональных, волевых, интеллектуальных и мотивационных компонентов психической деятельности индивидуума, которое обеспечивает оптимальное успешное достижение цели деятельности в сложной эмотивной обстановке» [6, 71б.].

Сонымен, стреске төзімділік – бұл жалпы тіршілік қызметі түрлері мен мінез-құлық, ілтипатқа алу, бейімделу және т.б. тән нысандарын қамтамасыз ететін жеке тұлға немесе қор ресурсымен, әртүрлі құрылымдық-функционалдық сипаттамалар әлеуетімен байланысты экстремальды жағдайды еңсеру қабілеті мен мүмкіндігін өзін өзі бағалау.

Әскери тәжірибе көрсетіп отырғандай, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерінде стреске төзімділікті қалыптастыру проблемасы өзекті.

Өзектілігі төмендегі анықталған қарама-қайшылықтарға:

- қарулы күштердің күйзеліске төзімділіктің жоғары деңгейі бар жеке құрамға қажеттілігіне және әскери құрылымдарды жасақтауда психодиагностикалық көзқарасқа;

- әскери қызметшілерді төтенше жағдайлардағы әрекеттерге дайындау қажеттілігіне және оларда күйзеліске төзімділікті қалыптастыру және дамыту мәселелерінде бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етудің болмауына;

- әскери қызметшілердің стресске төзімділігін қалыптастыруда дене даярлығының мүмкіндіктеріне және оларды жүзеге асыру үшін әзірленген педагогикалық жағдайлардың болмауына байланысты.

Төтенше жағдайларда әдеттегі еңбек және демалысуақыты бұзылады, психикалық және басқа да шамадан тыс күш шегіне жетеді, оның салдары шаршауға, жүйкенің әлсіреуіне апарды. Осыларға қарсы тұра алуынан, шұғыл өзгеретін жағдайларда уақтылы бейімделе білуінентек оқу-жауынгерлік міндеттерді орындау сапасы мен тиімділігі ғана емес, сонымен қатар психикалық денсаулығы мен оның кәсіби өміршеңдігі байланысты.

Қазіргі таңда әскери қызмет жүйесінде келісімшарт жасасуға кандидаттарды іріктеу кезінде әскери психологтардан тексерістен өту міндетті болып табылады. Оған психологиялық тестілеу, әңгімелесу және полиграф жатады. Оның нәтижелері бойынша:

- психикалық ауытқулар мен жабырқаңқылық;

- стресс жағдайларына жеке бейімделу қабілеттері анықталады.

Алайда, әскери қызметшілер тікелей қызмет өткеру кезінде, оларды жоғары лауазымға тағайындау немесе күрделі жедел жағдайдағы өңірлерге қызмет өткеру үшін бағыттау кезінде психикалық ауытқуларды анықтауды қоспағанда, әдеттегідей, терендетілген диагностикаға тартылмайды.

Жоғары деңгейдегі стресске төзімділік әскери қызметшілердің жеке басының маңызды психофизиологиялық көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ол оның сындарлы жағдайларда психикалық тұрақтылығы мен іс-әрекетінің нәтижесін болжамдауға мүмкіндік береді.

Әскери тәжірибе, жүргізілген сұхбаттар, сұрау салулар әскери қызметшілердің жеке-психологиялық қасиеттеріне қойылатын жалпы талаптармен қоса, мынадай негізгі кәсіби қасиеттерінің болуын көрсетіп отыр:

- экстремальды жағдайларда келешек қызметтік әрекеттері туралы шынайы түсініктердің қалыптасуы, ықтимал қауіпті шынайы қабылдау қабілеттілігі, қарсыластың әрекетін барабар бағалай білу іскерлігі, сондай-ақ өз жауабын болжамдау;

- кәсіби ойлауының, жоғары ұйымдастырушылық мүмкіндігінің болуы, ұжымда жұмыс істей алу іскерлігі;

- қырағылығының болуы, шешім қабылдағыш, психологиялық тұрақтылығы;

- стрестерге төзімділігі;

- дене және арнайы қасиеттерінің жоғары даму деңгейінің, психологиялық тұрақтылығы жоғары дәрежесінің, жою үшін қару қолдану қабілетінің болуы;

- стандартты емес жағдайларда ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерін табу, жеке шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік алуға әзір болу қабілеттілігі.

Бұл қасиеттердің қалыптасу және жалпы стресске төзімділігі кезінде әртүрлі сыртқы және ішкі факторларды ескеру керектігі дау туғызбайды.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізгі сыртқы факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Олар мынадай:

*әлеуметтік факторлар.* Әскери қызметшілердің жауынгерлік іс-қимылдардың сипатына, өз мәртебесіне әлеуметтік қарым-қатынасын ескеретін факторлар;

*ұйымдастырушылық-басқарушылық факторлар.* Бөлімшелерді басқару қасиетін, сондай-ақ күрделі тапсырмаларды орындауда командирдің ұйымдастырушылық қабілеттеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін сипаттайтын факторлар;



*жедел-тактикалық факторлар:* жауынгерлік іс-қимылдардың сипаты мен бағыттылығын ескеретін факторлар: жағдайдың шиеленісушілігі, оқиғалардың даму қарқыны, қарсыластың атысты жүргізу үдемелігі мен тығыздығы, жеке құрамның қорғалу дәрежесі, басқа бөлімшелермен өзара іс-әрекетті қолдау және сипаты, әскери қызметшілердің жауынгерлік тәжірибесінің болуы, қайтыс болған және жаралылар саны, қарсыластың үгіт-ақпарат жұмысын жүргізу үдемелігі;

*табиғи-географиялық факторлар:* нақты физикалық-географиялық жағдайларда жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу және әскери қызметті өткеру ерекшеліктерін сипаттайтын факторлар;

*материалдық-техникалық факторлар:* өз бөлімшесінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі мен қарсыластың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ескеретін факторлар.

*Жауынгерлік жағдайдың ішкі факторлары* әскери қызметшілердің жеке қасиеттерінің тұрақтылығы мен қалыптасуын сипаттайды. Оларға:

*психофизиологиялық факторлар.* Жүйке жүйесінің түріне байланысты және мінез-құлық сипатын анықтайтын факторлар. Жүйке жүйесі нашар әскери қызметшілер үшін қазіргі заманғы жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу сипаты психологиялық аурулардың дамуына мүмкін береді – бұл жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушы әскери қызметшілердің жалпы санының 15-17% құрайды. Жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізумен үйлесетін деформациялар осы санаттағылардың жауынгерлік әзірлігін толық жоюға әкеледі. Осыған ұқсас жағдайлар жүйке жүйесі орташа әскери қызметшілер үшін жауынгерлік іс-қимылдар барысында белсенділігін уақытша төмендетуге әкеледі және олардың саны жеке құрамның 70-75% құрайды, тек 14-15% әскери қызметші жылдам бейімделуге қабілетті (жауынгерлік іс-қимылдардың стрестік факторларының әсері олар үшін психожарақаттаушы әсер етпейді);

*моральдық факторлар.* Тұлғаның бағыттылығын және мінез-құлықта, ой өрісі, эмоционалдық көріністер ерекшеліктерін ескере отырып кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту факторлары;

*әскери-кәсіби факторлар.* Кәсіби әскери-арнайы қасиеттердің: білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын, сондай-ақ бар жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу тәжірибесін ескере отырып қойылған міндеттерді шешуге жеке әзірлігінің бар болуы мен даму дәрежесін бағалайтын факторлар [7,8,9].

Сонымен, әскери қызметшілердің стресске төзімділігі проблемаларын қазіргі заманғы зерттеулерінің деректерін теориялық талдау әскери қызметтің шамадан тыс күш салуда, ағзаның психикалық және физикалық әлсіреуінде білінетін стрестік факторлары көбінесе олардың ағзасына теріс әсер ететінін көрсетіп отыр. Нәтижесінде кәсіби қызмет сапасы төмендейді, тіпті оны одан әрі өтеуге жарамсыздығы пайда болады. Стреске төзімділік проблемасы тұлғаның шиеленіскен қызмет жағдайларында және бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз етудегі кәсіби бейімделу мәселелеріне тікелей қатысы бар. Бірақ, теориялық тәсілдердің кең спектріне қарамастан, тек психология тұрғысынан қарастырылатын стресске төзімділік проблемасы, осы күнге дейін шешімін таппаған: педагогикалық құралдардың кешенді әсер ету зерттеулері жоқтың қасы, стресске төзімділіктің жоғары деңгейін қалыптастыру және дамыту мәселелерінде бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етудің болмауы. Бұл деректер жүргізіліп отырған зерттеудің өзектілігін, әскери қызметшілерде стресске төзімділіктің жоғары деңгейін қалыптастыру қажеттілігін растайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Всемирная организация здравоохранения о депрессии: <https://clinical-pharmacy.ru/digest/epidemiologia/2225-vsemirnaya-organizaciya-zdravoohraneniya-odepressii.html> (дата обращения 23.05.2020).
- 2 Барабаш, А.А. Влияние боя на психику воина // Ориентир. - 2004. - № 6. – С. 421.
- 3 Самоубийства в Казахстане. <https://ru.wikipedia.org/wiki> (дата обращения 12.06.2020).
- 4 Яндиев, Б.М. Исторический анализ становления системы физической подготовки в вооруженных силах РФ. – Екатеринбург, 2013. – 728 с.
- 5 Варданян, Б.Х. Механизмы регуляции эмоциональной устойчивости // Категории, принципы и методы познания. - М.: Наука, 1983. – С. 542-543.
- 6 Зильберман П.Б. Эмоциональная устойчивость оператора. Очерки психологии труда оператора. - М.: Наука, 1974. – 389 с.
- 7 Программа коррекционной работы с дезадаптированными военнослужащими / авторы-кураторы: А.С.Серов, А.Н.Жуков, Л.В.Скоробогач. – Ростов-на-Дону, 2003. – 519 с.
- 8 Головин, Н.Н. Исследование боя. Исследование деятельности и свойств человека как бойца. – Санкт-Петербург, 1995. – 31 с.
- 9 Корчемный П.А. Военная психология: учебник. – М.: ОВЛ, 2005. – 280 с.

Жексенбинов Б.Н., *п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,*  
Төгісова А.Қ., *т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,*  
Мұхатаев Е.А., *магистр*

**Условия приема и требования к оформлению статей, публикуемых  
в военно-техническом журнале «Научные труды ВИИРЭИС»**

1 Статья может быть представлена на одном из трех языков: казахском, русском и английском. Предоставляемый текст подписывается автором (авторами) в нижнем правом углу на каждой странице текста и оформляется в соответствии с требованиями, приведенными ниже. Рекомендуемый объем рукописи, включая литературу, таблицы и рисунки, от 4 до 8 страниц. Авторы несут ответственность за подбор и достоверность приведенных фактов, цитат, статистических данных, собственных имен и прочих сведений.

2 Текст статьи предоставляется на электронных носителях с обязательной компьютерной распечаткой, шрифтом Times New Roman Кегль 12 с одинарным интервалом в среде Word. Поля: верхнее и нижнее - 20 мм, левое - 30 мм, правое - 15 мм. В отдельных случаях, по предварительной договоренности с редакцией статьи могут быть направлены по электронной почте.

3 В начале статьи набираются: индекс МРНТИ, затем через одну строчку инициалы и фамилии авторов. В последующих отдельных строках по центру курсивом приводится полное название организации (без сокращений), ее адрес. Если организаций несколько, то название каждой начинается с отдельной строки и нумеруется верхним индексом, которым снабжаются и соответствующие фамилии авторов. Далее по центру заглавными буквами набирается название статьи. Название и авторы печатаются полужирным шрифтом. Ниже (через одну строку) набирается краткая аннотация и ключевые слова на трех языках. Кегль 12. Аннотация должна содержать 100 – 150 слов и не повторять название статьи.

4 Затем, через строчку, следует текст статьи. За текстом статьи приводится список использованных источников. Список использованных источников нумеруется в порядке ссылок в тексте. Ссылки помещаются в квадратные скобки по мере упоминания в соответствии с требованиями ГОСТ 7.32-2017, к примеру [3], [5,7]. Библиографическое описание каждого источника должно соответствовать требованиям к оформлению литературы, с указанием издательства, количества страниц и др. Текст статьи и список использованных источников набираются кеглем 12.

5 Иллюстрации (графики, схемы, диаграммы) оформляются в виде рисунков, и должны располагаться по тексту после ссылки на них без сокращения (Рисунок 1 - Название (под рисунком)). Подпись к рисунку набирается кеглем 10. Рисунки выполняются с соблюдением соответствующих стандартов в режиме Paint (Painbrush). Графики, диаграммы, гистограммы – в режиме Microsoft Excel, и вставляются в текст как объект Microsoft Excel. Все графические материалы должны быть выполнены с разрешением не менее 300 dpi.

6 Таблицы располагаются по тексту в порядке ссылки с номером и названием над таблицей.

7 Математические, физические и другие обозначения и формулы набираются в режиме редактора формул (Microsoft Equation), наклонным шрифтом. Формулы располагаются по центру. Номера формул – у правого крайнего края страницы в круглых скобках. Расшифровка параметров формулы – с красной строки со слова «где», с перечислением параметров в строчку, с разделением точкой с запятой.

8 Условные обозначения выполняются в международной системе единиц СИ.

9 Тексты статей, полученные редакцией, не рецензируются. Мнение авторов не всегда совпадает с мнением редакции. Редакция оставляет за собой право на сокращение объема материала и его литературную правку, а также на отказ в публикации, если статья не соответствует профилю журнала или имеет низкое качество изложения материала.

Почтовый адрес редакции: 050053, Алматы, ул. Джандосова 53, ВИИРЭИС, научно-исследовательский отдел, «Научные труды ВИИРЭИС». Тел. 8(727) 303-69-07, эр. 233-18.

Журналды жинақтау және редакциялау  
Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының  
«Ғылыми еңбектері» журналының редакциясында жасалды.  
Журнал Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында  
басып шығарылды.  
Редактор: Н. Баелова  
Корректор: Г. Нусипова  
Корректор: Г. Әметова  
Корректор: Г. Каптагаева  
Көркемдеуші: А. Ахметалин

---

Басуға 2020 ж. 13.06 қол қойылды.  
Пішімі 60x84/8. Көлемі 18, 91 баспа табак.  
Таралымы 200 дана.  
050053, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 53.